«8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша фнлософия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бекбосинова Асель Серикжановнаның «Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатын жаңғырту шеңберіндегі зейнетақымен қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Докторант жұмысты Жас ғалым конкурсы бойынша жүзеге асырылған жоба шеңберінде «Қазақстан өңірлерінде әлеуметтік теңсіздікті азайту және халықтың әл-ауқатын арттыру механизмдерін әзірлеу» (Жоба коды: AR19174744) атты жеке ғылыми жоба аясында, сондай-ақ «Қазақстанда әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту және қолжетімділігін арттырудың стратегиялық бағыттарын әзірлеу» (Жоба коды: AP22784063) атты ғылыми	Зейнетақы жүйесін жетілдіру – қазіргі әлеуметтік саясаттың өзекті бағыттарының бірі. Қазақстан халқының өмір сүру ұзақтығының артуы мен еңбек нарығындағы өзгерістер зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік қолдау жүйесінің атаулылығын және тиімділігін арттыру, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарын қоса алғанда, барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажеттігі ерекше атап өтілді. Бұл қағидаттар зейнеткерлерге де толық көлемде қатысты, өйткені олар халықтың әлеуметтік жағынан аса әлсіз санаттарының бірі болып табылады. Азаматтардың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік тұрақтылығын нығайту қазіргі экономикалық және демографиялық сын-тегеуріндерге жауап бере алатын тұрақты әрі әділетті зейнетақы жүйесінсіз мүмкін емес. Осы тұрғыда зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру ерекше маңызға ие болып, Президент Жолдауында көрсетілген әлеуметтік саясаттың стратегиялық басымдықтарына толық сәйкес келеді.

		жоба аясында орындады.	
		2) Диссертациялық жұмыс 2014 жылғы 18 маусымдағы № 841 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасы» атты мемлекеттік бағдарламада айқындалған міндеттерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес келеді.	
		3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына сәйкес келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Диссертациялық жұмыс зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу механизмдерін жетілдіру мәселесіне арналған және әлеуметтік саясат саласындағы өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы зейнетақы жүйесінің

			тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған теориялық негіздер мен әдістемелік тәсілдердің кешенді талдауымен анықталады. Атап айтқанда, автор келесі ғылыми нәтижелерді анықтады: - теориялық негіздер мен шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге сыни талдау жасау негізінде «зейнетақы жүйесін басқару» ұғымына авторлық түсіндірме берілді; - «Public Administration», «New Public management», «Good Governance» модельдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеудің элементтері жүйелендірілді; - әлеуметтік саясат аясында зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар кешені айқындалып, эконометрикалық модель ұсынылды; - мемлекеттік зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану реформасының артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды; - зейнетақы жүйесін басқаруды жетілдіруге бағытталған ұсынымдар әзірленді. Диссертациялық жұмыс аясында докторант жүргізген зерттеудің нәтижелері зейнетақы жүйесін тиімді басқаруға, зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілік пен тұрақтылық қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталған. Жұмыста ұсынылған ғылыми-тәжірибелік қорытындылар мен модель Қазақстан Республикасындағы зейнетақы реформасының стратегиялық бағыттарын қалыптастыруға және әлеуметтік қорғау саласының институционалдық дамуына елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу нәтижелері енгізу актілерімен расталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Диссертациялық зерттеу докторант тарапынан ғылыми дербестік қағидатына негізделе отырып орындалған және бұл қағида жұмысты

		2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	дайындау мен жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде айқын көрініс тапқан. Тақырыптың өзектілігі мен оның Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясаты мен зейнетақы жүйесінің тұрақты дамуы контекстіндегі маңыздылығы автор тарапынан дербес айқындалып, ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеу мақсаты мен міндеттерін таңдау, гипотезаларды тұжырымдау және зерттеу сұрақтарын анықтау – автордың өзіндік аналитикалық қызметінің нәтижесі болып табылады. Ғылыми әдебиеттерге, нормативтік-құқықтық базаларға, халықаралық тәжірибеге және статистикалық дереккөздерге сыни талдау жасауға ерекше көңіл бөлінген, бұл зерттеудің тұтас әдіснамалық негізін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осы негізде авторлық теориялық-әдістемелік тұғырнама әзірленіп, оған зейнетақы жүйесін мемлекеттік басқару ұғымы мен оның тиімділігі мен тұрақтылығына әсер ететін факторлардың жіктелуі енгізілген. Докторант зейнетақы жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін факторларды бағалауға арналған эконометрикалық модельді де өз бетімен әзірлеген. Ұсынылған барлық қорытындылар мен ұсыныстар түпнұсқалық талдау нәтижелеріне негізделген және автордың дербес ғылыми еңбегінің нәтижесі болып табылады. Осылайша, диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеуге қойылатын академиялық талаптарға толық сәйкес келеді, автордың жоғары деңгейдегі аналитикалық және әдіснамалық дайындығын, сондай-ақ әлеуметтік саясат пен мемлекеттік басқару саласында жаңа ғылыми білім мен практикалық шешімдер ұсыну қабілетін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зейнетақы жүйесін жетілдіру Қазақстандағы әлеуметтік саясатты жаңғырту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру үдерісінде ерекше маңызға ие болып отыр. Демографиялық өзгерістер, еңбек нарығындағы құрылымдық ауысулар, инфляциялық және институционалдық тәуекелдер зейнетақы жүйесінің тұрақтылығы

			мен әділеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік реттеудің тиімді механизмдерін әзірлеуді талап етеді. Диссертациялық зерттеуде зейнетақы жүйесінің қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жүргізіліп, оның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторлар анықталды және оны реформалау бойынша негізделген ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеге талдау жасау негізінде Қазақстан жағдайына бейімделген шешімдер ұсынылды. Сәйкесінше, бұл зерттеу тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруда практикалық маңызға да ие.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Жеке тараулар зейнетақы жүйесін мемлекеттік басқару және реттеу мәселесін кешенді түрде қарастырып, жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін кезең-кезеңімен іске асыруға бағытталған. Ғылыми мәселе атауында көрсетілген бағытпен сабақтас түрде теориялық тұжырымдар, эмпирикалық деректерге негізделген талдау және реформалау жөніндегі ұсыныстар өзара үйлесімді әрі қисынды түрде ұсынылған. Зерттеудің құрылымы мен мазмұны тақырыпқа сай ғылыми талаптарға толығымен жауап береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбымен тікелей байланысты. Олар нақты, шынайы және зерттеліп отырған мәселенің мәнін дәл бейнелейтін ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Зерттеудің барлық құрылымдық элементтері – кіріспе, теориялық бөлім, талдау және ұсыныстар – қойылған міндеттерге сәйкес логикалық түрде құрылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық	Жұмыс ішкі логикалық тұтастығымен ерекшеленеді. Бір тараудан екінші тарауға өту негізді, әр бөлім алдыңғыдан логикалық түрде туындайды. Теориялық тұжырымдар эмпирикалық талдау арқылы

		байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	бекітілген, ал практикалық ұсыныстар талдау нәтижелеріне негізделген. Барлық бөлімдер өзара үйлесімді және тұтас ғылыми құрылым ретінде ұсынылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық зерттеуде зейнетақы жүйесін мемлекеттік басқару мен реттеудің қолданыстағы тәсілдеріне сыни талдау жүргізілген. Докторант қазіргі модельдің артықшылықтары мен кемшіліктерін негізді түрде айқындап, отандық және шетелдік тәжірибенің теориялық және практикалық қырларына жан-жақты талдау жасаған. Қолданылған шешімдерді салыстыру барысында зейнетақы жүйесін реформалаудағы біржақты көзқарастарға, соның ішінде жинақтарды мерзімінен бұрын пайдалану мәселесіне қатысты сындарлы көзқарас танытылған. Жұмыста ұсынылған зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын бағалау моделі мен әдістемесі қолданыстағы тәсілдермен салыстырылып, Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларына барынша бейімделгені дәлелденген. Осыған байланысты, автор ұсынған жаңа шешімдер тек теориялық жаңалық ретінде ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы механизмдерге ғылыми тұрғыдан негізделген балама ретінде практикалық маңызға да ие.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеу барысында автор тарапынан ғылыми жаңалық болып табылатын бірқатар нәтижелер алынды. Олар төмендегідей жаңа ғылыми тұжырымдарды қамтиды: – зейнетақы жүйесін басқару ұғымына қазіргі заманғы мемлекеттік басқару теориялары, әлеуметтік әділеттілік, тұрақтылық және тиімділік қағидаттары негізінде авторлық анықтама берілді; – зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторларды бағалауға арналған жаңа индикаторлар жүйесі мен эконометрикалық модель ұсынылды;

			– халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау жасай отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген зейнетақы жүйесін бағалау әдістемесі әзірленді; – зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану практикасына сыни баға беріліп, оның әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына, зейнетақы жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығына және қатысушылардың мінез-құлқына әсері алғаш рет ғылыми негізде дәлелденді; – жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу құралдары нақтыланып, оларды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар тұжырымдалды; – ұлттық ерекшеліктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттерін ескере отырып, Қазақстан зейнетақы жүйесін «Good Governance» тұжырымдамасына сәйкес институционалдық трансформация моделі алғаш рет ұсынылды. Алынған нәтижелер отандық ғылымда бұрын қарастырылмаған және зейнетақы саясатының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зейнетақы жүйесін реформалауға және оны мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа ғылыми тәсілдер мен нақты ұсыныстарды қамтиды. Атап айтқанда, зерттеуде зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану механизміне сыни баға берілген. Докторант бұл шара нақты нормативтік шектеулердің болмауы және жеткіліксіз атаулылық жағдайында әлеуметтік әділеттілік пен жүйенің қаржылық тұрақтылығы қағидаттарына қауіп төндіруі мүмкін екенін атап өтеді. Осыған байланысты, азаматтардың жинақтарды пайдалану құқығы мен зейнетақы жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығын сақтау қажеттілігінің арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған балама шешімдер ұсынылған. Жұмыстың қорытындылары зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми

			айналымда бұрын қарастырылмаған жаңа әдіснамалық тәсілдерге негізделген және әлеуметтік саясатты дамыту үшін теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да маңызды. Алайда, зерттеудің белгілі бір шектеуі – зейнетақы жүйесіне және мерзімінен бұрын қаражат алу тәжірибесіне халықтың қатынасын көрсететін эмпирикалық социологиялық деректердің болмауы. Дегенмен, бұл аспект докторанттың ғылыми мақалаларында жан-жақты сипатталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған басқарушылық шешімдер мен экономикалық реттеу тетіктері ішінара жаңашыл сипатқа ие. Зерттеу барысында докторант қолданыстағы шешімдердің әлсіз тұстарын талдап, басқару практикасын жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдерді ұсынды. Олардың кейбірі халықаралық тәжірибеден алынғанымен, автор оларды Қазақстан жағдайына бейімдеп, жаңа ғылыми тәсілдер негізінде қайта қарастырған. Сәйкесінше, ұсынылған басқарушылық шешімдер құрамында бұрыннан белгілі элементтермен қатар ғылыми жаңалық болып табылатын жаңа компоненттер де бар. Бұл оларды теориялық жағынан маңызды әрі практикалық қолдануға бейімделген құнды ұсыныстар қатарына қосады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста жасалған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген. Докторант өз тұжырымдарын теориялық талдаулар, нормативтік-құқықтық құжаттар, халықаралық тәжірибе және статистикалық деректер негізінде көрнекі түрде дәлелдеген. Бұл ретте қорытындылар зерттеуде қолданылған әдістерге (контент-талдау, салыстырмалы талдау, жүйелі көзқарас және т.б.) толық сәйкес келеді. Аталған қорытындылардың ғылыми негізділігі олардың теориялық маңызымен қатар, практикалық қолдану мүмкіндігінің жоғары болуымен де расталады. Осылайша, диссертацияда ұсынылған

			негізгі тұжырымдар сапалы ғылыми зерттеуге қойылатын талаптарға толық сай келеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің	7.1 Диссертациялық зерттеуде қорғалу үшін ұсынылған негізгі тұжырымдар жүйелі түрде қолданылған теориялық әдіснамалар, заманауи ғылыми талдау әдістері және эмпирикалық деректерді интерпретациялау арқылы жан-жақты негізделген. Бұл тұжырымдардың мазмұндық дәлдігі логикалық аргументациямен, нормативтік-құқықтық құжаттарға, статистикалық материалдарға және халықаралық тәжірибемен салыстыруға сүйенумен нығайтылған. Ұсынылған ғылыми тұжырымдардың шынайылығы мен нанымдылығы тек терең теориялық талдау жүргізілуімен ғана емес, сонымен қатар олардың ғылыми ой-сананың дамуына қосқан үлесімен және мемлекеттік зейнетақы саясатын жетілдіру контекстіндегі жоғары практикалық маңыздылығымен де дәлелденеді. 7.2 Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдар жаңашылдығымен және әдіснамалық тұрғыдан тың көзқарастарымен ерекшеленеді. Докторант зейнетақы жүйесін бағалау және реттеу бойынша стандартты емес, баламалы шешімдер ұсынып, ұғымдарға авторлық интерпретация береді, көрсеткіштердің жаңа жүйесін және зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын бағалау моделін әзірлейді. Сонымен қатар, зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану механизміне берілген баға бұл мәселені ғылыми тұрғыдан жаңаша қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. 7.3 Қорғауға ұсынылған барлық тұжырымдар ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Бұл жаңалықтар Scopus халықаралық дерекқорына кіретін ғылыми журналда және басқа да жарияланған мақалалармен расталады. Ұсынылған тәсілдер мен әдіснамалық шешімдер отандық зерттеулерде бұған дейін мұндай көлемде және кешенді түрде қолданылмаған, бұл докторанттың зейнетақы саясаты жөніндегі

		қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	ғылыми түсініктерді дамытуға қосқан елеулі үлесін дәлелдейді. 7.4 Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар кең көлемде қолдану әлеуетіне ие. Зерттеу барысында әзірленген қорытындылар мен ұсынымдар зейнетақы жүйесін жетілдіру барысында мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, олар нормативтік-құқықтық актілерді, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарды әзірлеу үдерісінде пайдалануға жарамды. Ұсынылған модельдер мен әдістемелік тәсілдер әлеуметтік саясат саласындағы одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізуге және практикалық қолдануға толықтай бейімделген. 7.5 Зерттеудің негізгі тұжырымдары ғылыми мақалаларда жарияланып, олардың ғылыми негізділігі мен маңыздылығын растайды. Scopus дерекқорындағы Q1 санатына кіретін, 0,81 процентиль көрсеткішіне ие «The impact of investment and social factors on pension savings in Kazakhstan» атты мақалада Қазақстандағы зейнетақы жинақтарына әсер ететін инвестициялық және әлеуметтік факторлар зерттелген. Бағалау нәтижелері зейнетақы қорларын басқару және зейнетақы реформалары туралы ақпарат ұсыну үшін маңызды деректер береді. «Factors influence of saving behavior of rural and urban self-employed people in the context of Kazakhstan pension system» (ҒЖБССҚ) атты мақала Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың жинақтау мінез-құлқына әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған. Зерттеу бұл топты ұлттық зейнетақы жүйесіне тарту жолдарын талдай отырып, дамушы елдердегі мінез-құлық экономикасы жөніндегі әдебиеттерге үлес қосады. Онда қалалық және ауылдық аймақтардағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың зейнетақы жүйесіне қатысуына әсер ететін субъективті және объективті факторлар қарастырылады.

			«Advantages and Disadvantages of Early Withdrawal of Pension Savings: an Expert Assessment» (ҒЖБССҚ) мақаласында зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу тәжірибесінің жағымды және жағымсыз жақтары сапалық талдау негізінде бағаланған. Ал «The Impact of the Financial Wellbeing of the Elderly of Kazakhstan on Their Family Life» (ҒЖБССҚ) мақаласында зейнеткер жастағы адамдардың қаржылық әл-ауқаты олардың отбасылық өміріне, отбасындағы қатынастарға әсері тұрғысынан қарастырылады. Аталған мақалалардың барлығында докторант зерттеудің теориялық және әдістемелік бөліктерін әзірлеуге қатысып, қорытынды нәтижелерді жалпылап, тұжырымдаған.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіснамалық тәсілдер зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор жүйелі талдауға бағытталған кешенді әдістемені пайдаланып, салыстырмалы талдау, контент-талдау, факторлық талдау және көрсеткіштерді бағалау әдістерін тиімді қолданған. Экономикалық және институционалдық үдерістерді зерттеу барысында сапалық және сандық әдістер өзара үйлесімді түрде қолданылып, зерттеудің тереңдігі мен нәтижелерінің сенімділігін арттырған. Зерттеуде пайдаланылған дереккөздер жоғары ғылыми сапасымен және сенімділігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есептері, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) статистикалық деректері, заңнамалық және стратегиялық құжаттар, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, БҰҰ, Халықаралық еңбек ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың материалдары пайдаланылған. Ғылыми әдебиет ретінде Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелген журналдардағы мақалалар, монографиялар, отандық зерттеушілердің еңбектері қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

			Бұл дереккөздер зерттеу нәтижелерінің мазмұндық дәлдігі мен тұжырымдардың негізділігін қамтамасыз етті.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау бойынша компьютерлік технологияларды пайдалану негізінде алынған. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, экономикалық бағалау, жалпылау, дедукция, себеп-салдарлық талдау, болжау, жүйелі және логикалық талдау сияқты әдістер қолданылды. Бұл тәсілдер алынған нәтижелердің тереңдігі мен ғылыми негізділігін, сондай-ақ қорытындылардың сенімділігін қамтамасыз етті.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу барысында докторант деректерді өңдеу және статистикалық талдау жұмыстарын Microsoft Excel, JASP, Qda Miner Lite және Jamovi бағдарламалық құралдарын қолдана отырып жүргізді. Эконометрикалық модельдеу үшін регрессиялық талдау әдістері пайдаланылып, айнымалылар арасындағы корреляциялық байланыстар бағаланды. Сонымен қатар, деректерді визуализациялау үшін Jamovi және Python сияқты құралдар қолданылды. Бұл зерттеу нәтижелерінің анықтығын арттырып, қорытындыларды көрнекі әрі түсінікті түрде ұсынуға мүмкіндік берді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Барлық негізгі болжамдар мен қорытындылар қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерге, халықаралық тәжірибеге және салалық нормативтік құжаттарға негізделген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі өзектілігімен ерекшеленеді, ал сілтемелер жүйелі түрде ұйымдастырылып, зерттеу мазмұнымен логикалық түрде сабақтасқан. Бұл жұмыстың ғылыми тереңдігін және әдістемелік негізділігін қамтамасыз етеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдебиеттердің көлемі мен сапасы зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Отандық және шетелдік дереккөздерге негізделген әдеби шолу зерттеу мәселесінің ғылыми контексін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Бұл авторға тақырыптың теориялық және әдіснамалық негіздерін терең талдауға, сондай-ақ ғылыми жаңалықтар ұсынуға негіз қалады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық зерттеу зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеудің теориялық негіздерін нақтылап, әлеуметтік саясаттың әдіснамалық және институционалдық аспектілерін жүйелендіреді. Автор «зейнетақы жүйесін басқару» ұғымына авторлық анықтама ұсынып, сондай-ақ зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын бағалауға арналған модель мен индикаторлар жүйесін әзірлеген. Аталған тұжырымдар ғылыми түсініктерді кеңейтуге елеулі үлес қосып, мемлекеттік басқару және әлеуметтік саясат саласындағы болашақ зерттеулерге негіз бола алады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелері жоғары практикалық маңызға ие және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) сияқты мемлекеттік органдардың қызметінде қолдануға болады. Зерттеу аясында әзірленген модельдер, бағалау әдістемелері мен ұсыныстар зейнетақы саясатының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп, стратегиялық және нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеуге негіз бола алады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық	Практикалық ұсыныстар толықтай өзектілігімен ерекшеленеді.

		ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижелері келесі енгізу актілерімен расталған: – К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінен берілген енгізу актісі; – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Экономика институтынан берілген енгізу актісі. Бұдан бөлек, ұсыныстардың бір бөлігі бұрыннан белгілі тәсілдерді жетілдіруге бағытталғанымен, автор сонымен қатар бірқатар түпнұсқалық шешімдер әзірлеген. Олардың қатарында зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану механизмін қайта қарау және зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын бағалау жүйесі бар. Бұл шешімдер зейнетақы жүйесін реформалауға ғылыми тұрғыдан негізделген тың көзқарас ұсынады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына толықтай сәйкес орындалған. Мәтін мазмұнының баяндалуы логикалық, құрылымы бірізді және дәлелдемелері нақты. Ғылыми терминдер орынды әрі дәйекті қолданылған, авторлық ұстаным зерттеудің барлық кезеңдерінде айқын көрініс тауып, ғылыми тұрғыдан негізделген. Пайдаланылған дереккөздер мен библиографиялық сілтемелер ресми академиялық стандарттарға сай рәсімделген. Жұмыстың жалпы құрылымы қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес ұйымдастырылып, автордың ғылыми мәдениетінің жоғары деңгейін айғақтайды. Осы көрсеткіштердің жиынтығы диссертациялық жұмысты жоғары академиялық деңгейде орындалған ғылыми еңбек ретінде бағалауға мүмкіндік береді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс мазмұнының тереңдігімен, ғылыми негізділігімен және өзектілігімен ерекшеленеді. Халықаралық тәжірибеге жүгінгеніне қарамастан, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі Қазақстанға ұқсас елдермен (мысалы, Шығыс Еуропа, Балтық жағалауы елдері) зейнетақы жүйелерін салыстырмалы талдау жеткілікті дәрежеде қамтылмаған. Аталған

			ескерту диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді және болашақта зерттеуді жетілдіру аясында ескерілуі мүмкін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Бекбосинова Асель Серикжановнаның «Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатын жаңғырту шеңберіндегі зейнетақымен қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және «8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылады.

Ресми рецензент:

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Д.Серікбаев атындағы Шығыс-Қазақстан техникалық
университеті Бизнес мектебінің профессоры Суйеубаева С.Н.